



**«АЛТЫН САМУҰРЫҚ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН  
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ КҮНТІЗБЕЛІК ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ  
«Болашақ» ортаңғы тобы**

**Тәрбиеші: Кенжеева У. Т.**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН  
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

**Ортаңғы топ:** «Болашақ»

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2025 жыл қыркүйек айы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p><b>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b></p> <p><b>Құзыреттілік: инновациялық ойлау</b>  <b>Апта дәйексөздері :</b>«Еңбек еткен - мұратқа жеткен», Жібек Ысқақова «Жансын десең еңбегің, Жұмыс жаса, терлегін!», «Еңбек етсең шығасың, Биікке өрлеп, қыратқа. Ісің алға баспайды, Жалқау болсаң бірақта», «Қолың жетер биікке, Еңбек етсең ерінбей. Білім ізде кітаптан, Жалқаулыққа берілмей»</p>		
1.	<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p>	<p><b>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»</b> ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Қыз қуу, Асық ату, Бес тас).</p> <p><b>денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту:</b> (жүру, жүгіру, домалату, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу, секіру, жалпы дамытушы жаттығулар, қимылды ойындар, дербес қимыл белсенділігі, спорттық жаттығулар, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, сауықтыру-шынықтыру шаралары)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;</li> <li>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылық тудыру, тыныс алу жаттығуларын жасауға дағдыландыру;</li> <li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту;</li> <li>- балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету;</li> <li>- қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту;</li> <li>- күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу, тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету;</li> <li>- <b>Еңбегі адал жас өрен</b> мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, ойын- «Болады болмайды»;</li> </ul>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру;</li> <li>- күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету;</li> <li>- балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету.</li> </ul>
2.	<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшадағы балаға уақыт бөлуіне жағдай жасау.</p> <p><b>инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту:</b> (сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, сөздік қор, тілдің грамматикалық құрылымы, байланыстырып сөйлеу)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дауысты (а, ә, ) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуға үйрету;</li> <li>- ойындар мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорды кеңейту;</li> <li>- сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға үйрету;</li> <li>- суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</li> </ul>
3.	Қазақ тілі	<p><b>«Апта дәйексөздері»</b> аптаның дәйексөзі <b>«Еңбек еткен - мұратқа жеткен»</b> (ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру: «Еңбек еткен - мұратқа жеткен», Жібек Ысқақова «Жансын десең еңбегің, Жұмыс жаса, терлегің!», «Еңбек етсең шығасың, Биікке өрлеп, қыратқа. Ісің алға баспайды, Жалқау болсаң бірақта», «Қолың жетер биікке, Еңбек етсең ерінбей. Білім ізде кітаптан, Жалқаулыққа берілмей».</p> <p><b>«Тілім менің тірегім»</b> ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету. (тілдік дамытушы орта, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, сөздік қор, тілдің грамматикалық құрылымы, байланыстырып сөйлеу)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</li> <li>-зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану</li> <li>-сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану</li> </ul>
4.	Көркем әдебиет	<p><b>«Балалар кітапханасы»-жобасы</b> Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p><b>балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге үнемі қарастыруға әдеттендіру;</li> <li>- ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, өз ойын айтуға үйрету;</li> <li>- оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</li> </ul>
5.	<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>	<p><b>Қаржылық сауаттылық</b> конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. (ойындар: Айырмашылығын тап, Дүкен т.б.</p> <p><b>инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық</b></p>

	Математика негіздері	<p><b>қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру:</b> (сан, шама, геометриялық фигуралар, уақытты бағдарлау, кеңістікті бағдарлау)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру;</li> <li>- заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп);</li> <li>- шамасы бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру;</li> <li>- геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршы, үшбұрышты тану және атау.</li> </ul>
6.	<b>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу	<p><b>Бояулар сыры</b> - топ аралық байқау, қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан" туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту</p> <p><b>балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- көлденең және тік сызықтарды салуға, олардың қиылысуын жүргізе білуге үйрету;</li> <li>- әр түрлі пішіндегі көкөністер мен жемістер, ойыншық заттарды бейнелеуге машықтандыру;</li> </ul>
7.	Мүсіндеу	<p>Зергерлік бұйымдарымен (тұмар) аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу тәсілдерін пайдалана алуға үйрету;</li> <li>- сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылық тудыру, мүсіндеу дағдыларын бекіту.</li> </ul>
8.	Жапсыру	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға жаттықтыру;</li> <li>- бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдай алуға үйрету;</li> <li>- желімдеудің техникасына машықтандыру;</li> <li>- желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдануға баулу;</li> <li>- қағаздың қасиеті туралы түсініктерді (жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады) жетілдіру.</li> </ul>
9.	Құрастыру	<p><b>«Қамқор» жобасы Құстарға ұя саламыз</b>, ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- құрылыс материалының негізгі бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша танып, қолдана білуге үйрету;</li> <li>- ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша құрастыруға машықтандыру;</li> <li>- қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге айналдыруға баулу.</li> </ul>
10.	Музыка	<p><b>«Күй күмбірі»</b>, балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру.</p>

		<p><b>музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу, үш музыкалық жанр: эн, би, маршпен таныстыру.</b>( музыка тындау, эн айту, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету;</li> <li>- топпен бір қарқынмен ре (ми) — ля (си) диапазонында дауысқа күш салмай эн айта білуді қалыптастыру:</li> <li>- жүру ырғағын меңгеру, жүру мен жүгіруді ырғақты орындау;</li> <li>- шеңбер бойынша бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету;</li> <li>- балаларды кейбір музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, бубен, олардың дыбысталуымен таныстыру.</li> </ul>
11.	<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>  <b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p>Қыркүйек білім күні «<b>Балабақша-жайлы мекен</b>» мерекелік шара, балабақшаға саяхат ұйымдастыру «<b>Үнемді тұтыну</b>», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбегі адал жас өрен:</b> үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау</p> <p><b>Қауіпсіздік ережесі</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. "Жаяу жүргіншілер жолы" жол белгілерімен таныстыру</p> <p><b>балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру.</b> (бала, оның отбасы, үйі, заттық әлем, көлік, байланыс құралдары, еңбекке баулу, адамгершілік және патриоттық тәрбие, менің Отаным – Қазақстан, өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі, табиғаттағы маусымдық өзгерістер)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу;</li> <li>- заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру;</li> <li>- кітаптарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;</li> <li>- балабақша, балабақша қызметкерлері туралы түсініктерін кеңейту, балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру;</li> <li>- құрдастарымен жұптасып ойнауда, шағын топпен ойында қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру.</li> </ul>

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН  
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

**Ортаңғы топ:** «Болашақ»

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2025- оқу жылы қазан айы **«Тәуелсіздік және отаншылдық айы»**

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Тәуелсіздік және отаншылдық айы</b>		
<b>Құзыреттілік: инновациялық ойлау</b>		
<b>Апта дәйексөздері</b> «Отан отбасынан басталады», «Отан оттан да ыстық», «Тәуелсіздік туы –асқақ», «Азат елдің аспаны ашық».		
1	<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі	<p><b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»</b> ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Шертпе, Тартыс, Сақина, Ақ қасқыр, Орамал тастау)</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Еңбегі адал жас өрен</b> Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p> <p>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
2	<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау.</p>

		<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.  Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.  Сөздік қор.  Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.  Тілдің грамматикалық құрылымы.  Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.  Байланыстырып сөйлеу:  Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>
3	Қазақ тілі	<p><b>«Апта дәйексөздері»</b> аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Отан отбасынан басталады», «Отан оттан да ыстық», «Тәуелсіздік туы –асқақ», «Азат елдің аспаны ашық».</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта</b>  Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b>  Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөпе,аға,апа,іні,қарындас) айтқызу</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында.</p>
4	Көркем әдебиет	<p><b>«Балалар кітапханасы»-жобасы</b> Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p><b>балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:</b>  Кітаптарға қызығушылықты ояту.  Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>

5	<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p>	<p><b>Қаржылық сауаттылық</b> Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.</p> <p><b>Сан.</b> Заттардың санын ажыратуға үйрету:</p> <p><b>Шама.</b> Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау:</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: түнде.</p>
6	<p><b>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу</p>	<p><b>Бояулар сыры-</b> топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері шеңбер, қазмойын, өркеш, жұлдыз туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды бейнелей білуін дамыту.</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар, көгеністер).</p> <p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
7	<p>Жапсыру</p>	<p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p>
8	<p>Құрастыру</p>	<p><b>«Қамқор» жобасы:</b> құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.</p> <p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
9	<p>Музыка</p>	<p><b>«Күй күмбірі»,</b> балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p>

10		<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.  Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b>  Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>  Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b>  Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>
11	<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>  Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру</p> <p><b>Еңбегі адал жас өрен:</b> Еңбекке баулу  Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p><b>Қауіпсіздік ережесі</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p><b>Заттық әлем:</b>  Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p><b>Адамгершілікке баулу</b>  Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН  
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

**Ортаңғы топ:** «Болашақ»

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2025- оқу жылы қараша айы **«Әділдік және жауапкершілік айы»**

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>«Әділдік және жауапкершілік айы»</b>		
<b>Құзыреттілік: инновациялық ойлау</b>		
<b>Апта дәйексөздері:</b> «Әділдік бар жерде, татулық бар жерде бақытта бар». «Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ. Шағырмақ бұлт – жай тастар, әділ жігіт ел бастар». «Әділ сөйлеп, адал жүр»-Қожа Ахмет Яссауи.		
1.	<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі	<p><b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»</b> ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Ақ серек, көк серек, Ақсүйек, Сақина, Арқан тартыс, Тақия тастамақ, Өз жұбынды тап, Ормандағы аю, Тышқандар мен мысық, Допты домалат)</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:</p> <p>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);</p> <p>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;</p> <p>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;</p> <p>қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p><b>Еңбегі адал жас өрен</b> мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p>
2.	<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p>

		<p>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p>
3.	Қазақ тілі	<p>«<b>Апта дәйексөздері</b>» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру: «Әділдік бар жерде, татулық бар татулық бар жерде бақытта бар». Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ». «Шағырмақ бұлт –жай тастар, әділ жігіт ел бастар». «Әділ сөйлеп, адал жүр»-Қожа Ахмет Яссауи.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Бүлдіршіндер бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Күнделікті жиі қолданылатын достық, татулық, жауапкершілік қатынастарға байланысты сөздерді (Екі дос, Әке мен бала Ы.Алтынсарин) ертегі әңгімелерін айтқызу.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында.</p>
4.	Көркем әдебиет	<p><b>Балалар кітапханасы»-жобасы</b> Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p><b>балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:</b> «Жауапкершілік жүгі», «Бір уыс мақта», «Алма» ертегі әңгімелерін оқып кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
5.	<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері	<p><b>Қаржылық сауаттылық</b> Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.</p> <p>қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;</li> <li>- заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу;</li> <li>- командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.</li> </ul>
6.	<b>Балалардың шығармашылық дағдыларын,</b>	<p><b>Бояулар сыры-</b> топ аралық байқау қазақ ою-өрнектерінің түрлері шеңбер, қазмойын, өркеш, жұлдыз туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды бейнелей білуін дамыту.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p>

	<b>зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
7.	Мүсіндеу	балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
8.	Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
9.	Құрастыру	<b>«Қамқор» жобасы:</b> ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
10.	Музыка	<b>«Күй күмбірі»</b> , балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. <b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.
11.	<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру	<b>«Үнемді тұтыну»</b> «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Заттық әлем: Қазақ халқының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. <b>Еңбегі адал жас өрен:</b> Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек

		<p>көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p><b>Қауіпсіздік ережесі</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>Заттық әлем:</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілікке баулу</p> <p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>
--	--	--

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ  
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН  
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

**Ортаңғы топ:** «Болашақ»

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2025- оқу жылы желтоқсан айы **«Бірлік пен ынтымақ айы»**

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p><b>«Бірлік пен ынтымақ айы»</b></p> <p><b>Құзыреттілік: инновациялық ойлау</b>  <b>Апта дәйексөздері:</b> «Бірлік болмай -тірлік болмас», «Ырыс алды -ынтымақ», «Байлық байлық емес, бірлік байлық», «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді».</p>		
1.	<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p>	<p><b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»</b> ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (ұшты-ұшты, соқыртеке, теңге алу, алтын сақа, бәйге,арқан тарту, ақ серек, көк серек. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, қимылды ойындарға сәйкес әрекет етуге үйрету.өз түсінді тап, мысық пен тышқан, ормандағы аю, маған қарай жүгір). Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). <b>Еңбегі адал жас өрен</b> мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p>
2.	<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға дағдылану. Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p>

		Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
3.	Қазақ тілі	« <b>Апта дәйексөздері</b> » аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру: «Бірлік болмай -тірлік болмас», «Ырыс алды -ынтымақ», «Байлық байлық емес, бірлік байлық», «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді». (тілдік дамытушы орта, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, сөздік қор, тілдің грамматикалық құрылымы, байланыстырып сөйлеу) Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау, ауызекі сөйлеуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге сұрақтарға жауап беруге құрдастарының есімдерін толық дұрыс атауға баулу.
4.	Көркем әдебиет	« <b>Балалар кітапханасы</b> »-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарауды үйрету. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру. <b>балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:</b> «Ырыс алды ынтымақ» ертегісі, «Мақта қыз бен мысық», «Алма» ертегісі. Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.
5.	<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. («Пішін қандай затқа ұқсайды?» , «Тышқанды жасыр», «Ұяшыққа орналастыр», «Қандай пішін?»)
6.	<b>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b> Сурет салу	<b>Бояулар сыры-</b> Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына игеру. Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білу. Негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету. -бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;
7.	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді

8.		жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
9.	Құрастыру	<b>«Қамқор» жобасы:</b> құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
10.	Музыка	<b>«Күй күмбірі»</b> балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. <b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. Сөздерді дұрыс және анық айту, әннің сипатын береді (көңілді, мұнды, ойнақы, әуенді); <b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.
11.	<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған әлеммен таныстыру	<b>«Үнемді тұтыну»</b> «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Заттық әлем: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Көлік, байланыс құралдары Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Менің Отаным - Қазақстан Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. <b>Еңбегі адал жас өрен:</b> Еңбекке баулу - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау;

	<p>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;</p> <p><b>Қауіпсіздік ережесі</b> табиғатта қауіпсіздікті сақтау - сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, қарды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау);</p> <p>- табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.</p>
--	---

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ  
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН  
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

**Ортаңғы топ:** «Болашақ»

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2026 оқу жылы қаңтар айы **«Заң және тәртіп айы»**

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>«Заң және тәртіп айы»</b>		
<p><b>Құзыреттілік: инновациялық ойлау</b>  <b>Апта дәйексөздері:</b> «Ең жақсы тәртіп мектебі-бұл отбасы», «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», Бауыржан Момышұлы. «Қатты тәртіп көрсе бала күнде, Өнерімен қуантады түбінде» Жүсіп Баласағұни. «Заңнан ақылды болудың қажеті жоқ».</p>		
1.	<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене тәрбиесі</p>	<p><b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс ұлттық қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. («Белбеу соқ», Түйілген орамал», «Асық ату», «Арқан тарту», «Маған қарай жүгір», «Допты домалат», «Сұр қоян»).</p> <p>дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</li> </ul> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бірбіріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау;</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p><b>Еңбегі адал жас өрен</b> - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;</li> </ul>

		<p>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;</p> <p>- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу;</p>
2.	<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Тіл дамыту	<p>«<b>Өнегелі 15 минут</b>» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуне жағдай жасау.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>кейбір дауыссыз (к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
3.	Қазақ тілі	<p>«<b>Апта дәйексөздері</b>» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру: : «Ең жақсы тәртіп мектебі-бұл отбасы», «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», Бауыржан Момышұлы. «Қатты тәртіп көрсе бала күнде, Өнерімен қуантады түбінде» Жүсіп Баласағұни. «Заңнан ақылды болудың қажеті жоқ».</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.Сөздерді байланыстырып сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім, сын есім және етістікті) үйрету.</p>
4.	Көркем әдебиет	<p>«<b>Балалар кітапханасы</b>»-жобасы кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p> <p><b>балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:</b> «Екі қомағай қонжық», «Таза бұлақ» Ыбырай Алтынсарин, «Қоян мен кірпі», «Айболит».</p>
5.	<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері	<p><b>Қаржылық сауаттылық</b> Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.</p> <p>бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету;</p>

